

Маженова Ж.А.,
Сәрсембекова З.К.

**Қазақстанда экологиялық
туризмді дамытудың өзекті
мәселелері**

Бұл мақалада Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту мәселелеріне сипаттама берілген. Мақалада Қазақстан аумағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық туризмді дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылған. Экологиялық туризмнің қарапайым түрі «табиғат аясында» саяхаттау болып табылады. Экотуризмнің дамыған түрлеріне жануарлар әлемі, өсімдік, өмірлік әртүрлі формалар, экономиканың тұрақты түрлері, қоршаған ортаны қорғау, мәдениет, мұра, қоғам мен халықтың түрлі салаларын қамтиды. Басқаша айтқанда, экологиялық туризм аумақтарды тұрақты дамытудың маңызды құралы болып табылады. Мақалада әсіресе табиғатты танып-білуге бағытталған экологиялық туризмнің аустралиялық үлгісі қарастырылған. Туристік өнімнің қалыптасуы және оның нарықта жылжуы және Қазақстанның экологиялық-туристік әлеуетіне талдау жасалынған. Сондай-ақ Қазақстанның туристік индустриясында экологиялық туризмнің рөлін анықтаған, бірқатар басқа да туризмнің түрлеріне салыстырмалы талдау жасаған. Авторлар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмнің маңыздылығы мен танымалдылығын көрсеткен. Қазақстандағы туризмнің осы бағытын жылжыту бойынша ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: экология, туризм, ЕҚТА, саябақ, қорық, технология, рекреация, аумақ, экскурсия, көпшілік, баламалы.

Mazhenova Zh.A.,
Sarsembekova Z.K.

**Actual problems of development
of ecological tourism in
Kazakhstan**

In this article development of ecological tourism in Kazakhstan is described. In article special attention is paid to problems of development of ecological tourism in especially protected natural territories of Kazakhstan. The simplest form of ecological tourism is the travel «among the nature». More developed form of ecotourism covers such spheres as fauna, plants, a variety of vital forms, stable types of economy, environmental protection, culture, heritage, society and the person. In other words, ecological tourism represents the important instrument of sustainable development of territories. In article the Australian model of ecological tourism which is directed to knowledge of the nature is considered. The analysis of ekologo-tourist capacity of Kazakhstan, formation of a tourist product and its advance on the market is carried out. Also an opredelan a role of ecological tourism in the tourist industry of Kazakhstan, the comparative analysis along with other types of tourism is carried out. Authors point to the significant and growing popularity of ecotourism in especially protected natural territories. Recommendations about advance of this direction of tourism in Kazakhstan are made.

Key words: ecology, tourism, SPNT, park, reserve, technologies, recreation, territory, excursion, mass, alternative.

Маженова Ж.А.,
Сәрсембекова З. К.

**Актуальные проблемы
развития экологического
туризма в Казахстане**

В этой статье описывается развитие экологического туризма в Казахстане. В статье особое внимание уделяется к проблемам развития экологического туризма в особо охраняемых природных территориях Казахстана. Простейшей формой экологического туризма является путешествие «среди природы». Более развитая форма экотуризма охватывает такие сферы, как мир животных, растения, разнообразие жизненных форм, стабильные виды экономики, охрана окружающей среды, культура, наследие, общество и человек. Другими словами, экологический туризм представляет собой важный инструмент устойчивого развития территорий. В статье рассматривается австралийская модель экологического туризма, которая направлена на познание природы. Проведен анализ эколого-туристского потенциала Казахстана, формирования туристического продукта и его продвижения на рынок. Также определена роль экологического туризма в туристской индустрии Казахстана, проведен сравнительный анализ наряду с другими видами туризма. Авторы указывают на значимую и растущую популярность экотуризма в особо охраняемых природных территориях. Даны рекомендации по продвижению данного направления туризма в Казахстане.

Ключевые слова: экология, туризм, ООПТ, парк, заповедник, технология, рекреация, территория, экскурсия, массовый, альтернативный.

**ҚАЗАҚСТАНДА
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ТУРИЗМДІ
ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕСІ****Кіріспе**

«Экологиялық туризм» терминінің көптеген түрлі анықтамалары бар, дегенмен халықаралық қолдануға оны мексикалық экономист-эколог Гектар Цебаласс-Ласкурейн енгізді. Атап айтқанда, ол экотуризмге келесі анықтама берген: «біршама бұзылмаған табиғи аймақтар бойынша табиғи және мәдени көрнекті жерлерді оқып білу және ләззат алу мақсатында қоршаған орта алдында жауапкершілікпен саяхаттау. Ол табиғатты қорғауға себебін тигізеді, қоршаған ортаға «жұмсақ» әсер етеді, бұл іс-әрекетке жергілікті тұрғындардың белсенді әлеуметтік-экономикалық қатысуын және артықшылықтарға ие болуын қамтамасыз етеді».

Практика жүзінде «экотуризм» тұжырымдамасы алғашқыда америка құрлығында қалыптасқан, кейін Австралияда дамуын тапты, яғни маңызды антропогендік өзгеріске ұшырамаған үлкен аймақтары сақталған жерлері бар елдерде дамыған. Мұндай аймақтары мүлдем қалмаған батыс еуропалық елдерде табиғи бағытталған, экологиялық және әлеуметтік жауапты – «жұмсақ», яғни мәдени ландшафтта жүзеге асатын туризм дамуын тапты. Жалпы екі тұжырымдама да ұқсас ұстанымдарға негізделеді, алайда батысеуропалық жобада табиғатты қорғау аспектісімен қатар мәдени құндылықтарды сақтауға айрықша көңіл бөлінеді. Бұл мағынада Қазақстанда «экологиялық туризм» ұғымын қолданған жөн, себебі оның аймағында адамдар тарапынан маңызды өзгеріске, әсерге ұшырамаған кең-байтақ аймақтар сақталған (Тонкобаева 2009б: 7).

Экологиялық туризм тұрақты болуы үшін туризмнің табиғи ресурсына негізделген. Тіпті экологиялық туризмнің анықтамаларында жетіспеушілік байқалады.

Тұрақты даму – кез келген қауымдастық үшін әлеуеті жоғары экономикалық, әлеуметтік, мәдени, экологиялық және физикалық шектеулер (Bhuiyan, 2012).

Экологиялық туризм – қоршаған ортаны бағалауға және оқиғаларды зерттеуде, немесе оның мәдени мәтіндерімен байланысты бірқатар жүйе компоненттеріндегі туризмнің түрі (Weaver, 2001).

Экологиялық туризм – қоршаған ортаны қорғау үшін тұрақты дамудың басты құралы болуы үшін, қоғамдастық ғимаратында келушілерге білім беретін әлеуетті, туристік сектордағы мамандандырылған нарық (Wood, 2012). 1990 жылы The International Ecotourism Society (TIES) экотуризмге алғашқы анықтама берген: «Экологиялық туризм – қоршаған ортаны қорғауда жергілікті тұрғындар сол қалпында сақтаған табиғи аумақтарға жауапкершілікпен саяхаттау» (TIES, 2013).

Адам аяғы сирек басатын, облыстар көлемінде қорғалатын орындарға барыңыз, ұсақ көлемде және ең төменгі деңгейде (әдетте) ықпал жасаңыз. Бұл саяхатшыларды оқытуға мүмкіндік береді; сақтау үшін құралдар ұсынылады; экономикалық даму және жергілікті қоғамдастықтардың саяси мүмкіндіктерін кеңейтуге тікелей пайда алып келеді; адам құқықтары үшін әртүрлі мәдениеттерді құрметтеуге ықпал етеді (Honey, 1999).

Әдетте экологиялық туризм қоршаған ортаның биотикалық кешендерімен өзара байланыста болады (Sadry, 2009). Экологиялық туризм экологиялық тұрақты дамудың жеке өсімінде әлеуметтік жауапкершілікпен саяхаттауға бағытталған. Экологиялық туризм, ереже бойынша, негізгі көрікті орындар – мәдени мұра, фауна, флора және арнайы жерлерге саяхаттау. Экологиялық туризм, туристерге біздің табиғи тіршілік ортамызға және қоршаған ортаға адамдардың ықпалын жоғары деңгейде бағалауға әсер ететінін түсіндіру (Randall, 1987).

2002 жылы Қоршаған ортаны қорғау бойынша БҰҰ бағдарламасы аясында (UNEP) және Дүниежүзілік Туристік Ұйым ұйымдастырған.

1. Туризмнің кез келген түрі мемлекеттің тартымды экологиялық табиғатына негізделген (су астындағы маржанды жартастарда жүзуден бастап, саванналардағы саяхаттарға дейін).

2. Қоршаған ортаны қорғау туралы ақпарат және экологиялық білім алуға және барлық элементтерді меңгеруге, әсіресе экологиялық тұрақты қағидаларға негізделген.

3. Экожүйелердің ерекше түрлерін, жануарларды, сирек кездесетін өсімдіктерді зерттеу мақсатында табиғаттың қайталанбас аймақтарында саяхаттау.

4. Саяхат, әсіресе жергілікті тұрғындар мен биоалуантүрлілік, туризм арасындағы жағымды синергетикалық байланыстары сақтауға мүмкіндік туғызады.

«Экологиялық туризм – туристік ресурстарға негізделген, әсіресе, туристің қажеттілігін жә-

не уәждемесін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, табиғаттың табиғи ортасы және оның құрамдас элементтері, ландшафт элементтері, экологиялық жүйенің биологиялық бөлігі, табиғат көріністері және басқа да кешендерге саяхаттардың формалары және түрі».

Экотуризм Қоғамының келісілген анықтамасы (АҚШ) бойынша «экологиялық туризм – бұл табиғаттың адам аяғы баспаған жерлерге саяхат» (WWF).

Мұндай саяхаттарда экожүйелердің тұтастығы бұзылмайды, берілген аймақтың табиғи және мәдени этнографиялық ескерткіштерінің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға бағытталған. Бірауақытта экологиялық туризм, табиғатты қорғау жергілікті халыққа тиімді экономикалық жағдайлар жасайды.

1991 жылы АҚШ-та орналасқан «Экотуризм» қоғамы ұсынған анықтамаға сай: «Экотуризм – табиғи ортасы жақсы сақталған жерлерге шынайы және мәдени-этнографиялық ақпарат алу мақсатымен жасалатын саяхат түрі. Сонымен қатар, ол экожүйенің бірқалыптылығын бұзбайды және жергілікті табиғатты қорғауды табысты іске айналдырады» (TIES).

Экологиялық туризм туризм индустриясында дамушы бағытталған, әртүрлі мемлекеттерде түсініктері біркелкі, ең алдымен экологиялық бағдардан алыс туристік қызметтер облысына кіреді.

Экологиялық туризмнің өзіндік табиғи, мәдени көрікті жерлер, табиғи және табиғи-антропогендік ландшафтар тек қана шартпен, дәстүрлі мәдени қоршаған ортаның біртұтас бөлігін құрайтын нысандар болып табылады.

ЮНВТО экологиялық туризмді кең көлемде оқиғалы туризм термині түсінігімен пайдаланады. Ал басқа да шет елдік мемлекеттерде экотуризм түсінігімен қатар агротуризм түсінігі қатар жүреді.

Агротуризм – бұл ауылды жерде демалыс. Туристер белгілі бір уақыт бойы ауыл өміріне сіңіп, жергілікті жердің мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысып, ауылдық шаруашылықта еңбек етіп, таза ауада демалуын айтамыз. Туризмнің бұл түрі Испанияда, Италияда, Францияда жақсы дамыған.

Этно-экологиялық туризм қазіргі уақытта табиғи орта мен қоршаған ортаның өзара байланысында, табиғи жағдайларда өмірлерін байланыстыратын нақты этностарды оқып-білуге бағытталған.

60-шы жылдары АҚШ-та бірінші экотуристік акциясында туристерге киттерді көрсету арқылы жануарларды қорғауға қаражат жинаған.

Экотуризмге қатысты халықаралық құжаттар:

- Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (UNEP), 1995 жыл;

- ЮНЕСКО-ның Туризмнің тұрақты даму Хартиясы, Ланцарот, 1995 жыл;

- Биосфера резерваттарын қорғау үшін Севиль стратегиясы, ЮНЕСКО, 1995 жыл;

- Туризмнің тұрақты дамуының декларациясы, Тынық-Мұхиттық аумақтық табиғатты қорғау және туризм министрлігімен қабылданған, 1997 жыл;

- Экологиялық тұрақты туризмнің қағидалары UNEP, 2000 жыл.

Экологиялық туризм түрлері.

Қазіргі уақытта экологиялық туризмнің төрт түрін ажыратып қарастыруға болады:

1. Ғылыми туризм. Әдетте, осындай саяхаттарға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұлттық саябақтар, қорықтар, қорықшалар туристік нысандар ретінде әрекет етеді. Ғылыми экологиялық турлар барысында туристер әртүрлі зерттеу экспедицияларына қатысып, далалық зерттеу-бақылау жұмыстарын жүргізеді. Латын Америкасында кеңінен белгілі экотур: Галапагос аралдары бойынша круиздер.

2. Табиғат тарихтарына саяхат. Арнайы экологиялық бағдарлар бойынша бұл оқу, ғылыми, мәдени және туристік бағдарлардың жиынтығы. Ерекше экологиялық саяхаттар қорықтарда, ұлттық парктерде, туристік аумақтар мен акватория аумақтары бойынша экологиялық саяхаттар жиі ұйымдастырылады. Туризмнің бұл түрі Германияда өте танымал, сондықтан оны экологиялық туризмді дамытудың неміс үлгісі деп атайды.

3. Қызық оқиғалы туризм. Оған мынадай саяхаттарды енгізуге болады:

- discovery amp; adventure holidays (шалғай аймақтар);

- short destinations (велосипедтердегі қысқа мерзімді саяхаттар);

- walking amp; trekking (жергілікті жердің қиындығы бойынша жаяу бағдарлар);

- multi activity holidays (маңызды физикалық жүктемелермен саяхат);

- overland tours (арнайы қайта жабдықталған автокөліктерде тұру үшін саяхаттау).

Экотуризмнің бұл түрі, табиғатта демалыс пен қозғалыстың белсенді әдістерімен байланысты саяхаттың барлық түрлерін біріктіреді. Экологиялық туризмнің бұл түріне мыналар жатады: альпинизм, құзға шығу, мұзға өрмелеу, спелеотуризм, дайвинг, парапланеризм, жаяу, таулы және

таулы шаңғы туризмі, ат туризмі, су, жаяу және таулы туризм. Туризмнің бұл түрлері, жақында пайда болған және туризмнің арнайы түріне жатқызылатын бұл – экстремалды туризм.

4. Табиғи қорықтар мен резерваттардағы саяхат. Қорықтарда орналасқан қайталанбас және экзотикалық табиғат нысандарындағы оқиғалардың ерекше түрлері туристерді қызықтырады. Мысалы: Латын Америкасы елдеріне туристердің 60%, табиғи қорықтар мен резерваттарға, ұлттық парктерді аралау мақсатында келеді. Экологиялық туризмді осы түрі Аустралияда кеңінен таралған, сондықтан оны экологиялық туризмді дамытудың аустралиялық үлгісі деп жиі атайды (Бабкина 2008: 111).

Ал Қазақстанға экологиялық туризмді дамытуға австралиялық үлгісі жақын және қазіргі уақытта кең көлемде ұсынылып отыр.

Экотуризм үлгісі Аустралияда, АҚШ-та, Канадада қабылданған және басқа да бірқатар мемлекеттер мен Австралия континентінде кең көлемде тараған және ерекше атаққа ие болып «аустралиялық» деген атауға ие болды.

Зерттеу нысаны

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан территориясындағы орналасқан Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) туристік ахуалы және туристік нарықтың заманауи жағдайын зерттеу.

Бастапқы деректер және зерттеу әдістері

Қазақстан аумағында 10 мемлекеттік табиғи қорық, 10 мемлекеттік ұлттық парк, 57 қорықша, 24 табиғи ескерткіш, 3 мемлекеттің ұлттық хайуанаттар саябағы, 7 мемлекеттік ботаникалық бағы, 5 табиғат резерваты және 3 халықаралық маңызды сулы-сазды жер суы бар.

Отандық тур операторлармен бүгінгі күні Республикамыздың 14 облысына 898 туристік бағдар жасалынды, олардың ішінде: 27 атты бағдар, 153 емдік, 344 белсенді (демалыс күндердің бағдарлары), 111 мәдени танымдылық туры, 67 Жібек Жолымен өтеді, 20 қажылық, 65 бағдарламасымен қоса аңшылық пен балық аулау. Қазақстанның экотуризмі өзіне экономикалық тартымдылық және болашақта барлық деңгейде тұрақты дамуына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі керек.

Сол себепті болашақта 2030 жылға дейін, Қазақстандағы тағы 12 мемлекеттік саябақ, 17 қорық, 65 табиғи ескерткіш, 58 қорықша,

туризмнің алыс түрінің даму үшін жаңа импульс қызмет етеді, демек айтылған туристік нысандар жұмыс атқарады.

Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына зерттеу жүргізу барысында жүйелік талдау және статистикалық зерттеу әдістері алынды.

Нәтижелері және талдау

Дүниежүзілік Туристік Ұйымның бағалауына сәйкес бүкіл дүние жүзі бойынша туристік сапарлардың саны жыл сайын шамамен 4 % -ға ұлғаяды [WTO, 2004]. Соңғы 30 жыл ішінде олардың саны шамамен 4 есе өсті. Қазіргі әлемде туристік сапарлардың ұлғаю саны ел ішінде, сондай-ақ шет елдерге бару қолайлығының артуымен, туристер үшін басқа мемлекеттер шекараларының ашылуымен, барған жерлердің тілі мен дәстүрлерін білу қажеттілігінің төмен болғанымен байланысты.


Сонымен қатар қазіргі туристің рекреациялық талғамдары да түбегейлі өзгеруде. Ол үшін демалысты урбанизацияланған аймақтардан алшақ орналасқан табиғи аймақтарға барумен бірлестіру, яғни табиғи туризм тартымды көрінеді. Табиғи туризм табиғат қорларын игерілмеген күйінде пайдалануға тікелей байланысты кез келген туризмнің түрі тәрізді анықталады. Бұған келесі қасиеттер енеді: табиғи көріністердің сұлулығы, жердің бедері, судағы демалыс, өсімдіктер және жабайы тірі табиғат. Сарапшылардың пікірі бойынша, Қазақстанда табиғи туризмге қажеттіліктің ұлғаюы көрсетіледі, әсіресе бұл Астана және Алматы сияқты ірі қалалардың тұрғындарының демалыс күндеріндегі туристік талғамдарына қатысты (1-сурет) (Тонкобаева 2009б: 6).

Туристік ағым көлемінің жалпы өсуіне және көпшілік туризмнің бір түрі ретінде табиғи туризмнің дамуына жоғарылаған беталысқа

байланысты туристік іс-әрекеттің табиғи ортаға теріс экологиялық әсерін төмендетуге қажеттілік туады. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы – экологиялық туризмді дамыту, берілген тұжырымдамаға сәйкес келетін түрөнімдерді анықтау, нарықта қолдау және ұсыну. Бұл мағынада экотуризм табиғи туризмнің бір түрі болып табылады. Ол урбанизацияланбаған және төмен дәрежеде антропогендік әсерге ұшыраған табиғи жерлерге барумен байланысты және ол белгілі ұстанымдар мен өлшемдерге сәйкес келуі қажет.

Мәдениеттің өлшемі адамзаттың пайда болуымен тығыз байланысты. Шын мәнінде, «адамзатқа инновациялық және шығармашылықтағы мәдениет алуан түрлілігіндегі деректерді алмасу, табиғат үшін биоалуантүрлілік ретінде қажет болып табылады» (UNESCO 2002p:4).

Экотуризмге деген сұраныс қалыптасып даму үстінде және көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілуде: БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының (UNEP) және Халықаралық табиғатты қорғау қоғамының деректеріне сәйкес, туризмді дамытудың негізі 2000 жылдары табиғаты адам аяғы сирек басылған аумақтар аясында; Ecotrans американдық, британдық және аустралиялық туристердің 70 %-ы қонақ үйлерде 2 апталық болғаны үшін 150 \$ төлеуге дайын және экология мен қоршаған ортаға жоғары жауапгершілікпен қарайтынын көрсетті; 2001 жылы Дүниежүзілік Туристік Ұйым «танымдық» туризмді (experiential tourism), ол өзіне экотуризмді, табиғи, тарихи, мәдени, қызықты-оқиғалы, ауылдық және әлеуметтік туризм түрлерін, келесі онжылдықта жоғары қарқынмен дамиды сектор ретінде анықтады; егер экотуризм өсу қарқыны 2020 жылға дейін жалғасатын болса, ол 400 \$ млрд-тан және нарықтағы жоғары деңгейдегі тау-шаңғы туризмнен екі есе асып түседі.



1-сурет – Табиғи туризмнің қазіргі жағдайларда дамуы (Newsome, D., Moore S.A., Dowling, R.K. (2002)

Қазіргі уақытта және болашақта экотуризм экономикалық тұрғыдан халықаралық нарықта тау-шаңғы туризміне қарағанда едәуір тартымды болып табылады. Табысты экотуризм әлеуетін дамыту үшін уақыт пен ақшаны аз қажет ететін, бірінші кезекте кіші және орта бизнестің дамуына мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні Қазақстанда туризмнің барлық түрлері – танымдық, ойын-сауық, этникалық, экологиялық және т.б. түрлері ұсынылады. Туристер үшін, Қазақстанның барлық аумақтары бойынша бірқатар бағдар түрлерін ұсынады.

Қазіргі уақытта елімізде 15 экосайттар бар, олар «ауылдық экотуризм тұжырымдамасына сәйкес жергілікті халық қонақтарды қарсы алып» қызмет көрсетеді. Экосайттар Қазақстанның 25 ауылдарында тұратын 50 қонақжай отбасының күш-жігерімен жүзеге асырылып қазақстандықтарға және шет елден келетін туристерге қызметтерін ұсынып отыр. Осындай демалыс құны тәулігіне орташа есеппен 3500 теңгеден 6500 теңгеге дейін, ал ереже бойынша тұру, тамақтану және қажетті керек-жарықтары кіреді.

Экологиялық туризмнің негізгі артықшылықтары, осы заманғы әлемде қарқынды дамуын қамтамасыз ету, экотуризм саласына тартылған аумақтарды тұрақты дамыту, экотуризм бағдарламалары мен технологияларын экологиялық табиғат, халықтың экологиялық көзқарасын қалыптастыруда нарық тетіктерін қолдану.

Осылайша жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыру, қызмет көрсету секторына жергілікті халықты тарту, жаңа жұмыс орындарын құру, туризм инфрақұрылымын дамыту, көзделген және экологиялық туризм саласында тартылған аумақтарды тұрақты дамыту, ата-баба жерінде орнықтыру болып табылады.

Экотуризмді экологиялық сипаты рекреациялық аумақтарды флора мен фаунасының әртүрлілігін сақтау міндетті болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін экологиялық туризмнің тәжірибесінде өңделген, сондай-ақ негізгі және қолданбалы ғылымдардың ғылыми ұсыныстарындағы табиғатты қорғаудың жаңа технологиялары қолданылады. Рекреациялық аумақтарды қайта қалпына келтіру және қорғауда халықаралық ұйымдардан, жеке, аумақтық әртүрлі ұйымдардан және туристерден түсетін қаржы ресурстары үлкен рөлді атқарады.

Рекреациялық аумақтардағы жергілікті халықтың экологиялық көзқарасы туристік бағдар-

ларда жергілікті тұрғындар аумақты тазалаушы, фольклорлық ансамбльдерге қатысушы, аниматорлар, нұсқаушылар және жетекші ретінде туристерге қызмет көрсету үдерістерінде қатысу арқылы қалыптастыра алады. Содан соң, жергілікті тұрғындар өзінің табиғи ландшафтының рекреациялық тартымдылығына сенімді болғанда экологиялық-эстетикалық құндылығы бар және материалдық пайда әкелетінін түсінген кезде ғана, олар табиғатты қорғау туралы идеясына келеді. Табиғат ресурстарын экономикалық жыртқыштық пайдалану барысында олардың аумақтарын рекреациялық пайдалану саласынан шығарылып тасталуы мүмкіндігін түсініп, оны қорғау және тиімді пайдалану үшін ынталандыру болып табылады (Косолапов 2005б: 16).

Экотуризмнің ақпараттық ресурстық орталығының (ЭАРО) қызметін тұтыған туристер туралы және орталық ұсынған қызметтердің мәліметтері төменгі кестеден көрсетілген (1-кесте).

Қазақстандағы экологиялық туризм туралы көп айтылады, дегенмен, көп біле бермейді. Сонымен қатар, Ұлттық парктердегі қосымша ұсынылған қызмет түрлерінің алынған қаражаттың бір бөлігі Қазақстанның биологтардың біліктілігін сақтау Қорының шотына аударылады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, ұлттық парктерде экотуризм бренд желісі құрылады және ЕҚТА кадрлардың біліктілігін арттыру және даярлау, экскурсия жетекшілері мен гид-аудармашыларды оқыту туралы сұрақтар пысықталып жатыр. Ал Ауыл шаруашылығы министрлігінде ЕҚТА туралы ағылшын тіліне аударылған ақпараттар ала алады. Қазақстанның туристік әлеуеті өте бай – мұнда бірегей табиғат кешендерінен ежелгі мәдениет нысандарына дейін кездестіруге болады. Сондықтан әлемнің маңызды жаңа туристік орталықтарының бірі болуға мүмкіндігі бар.

Туристік-рекреациялық мақсатқа бағытталған мемлекеттік ұлттық табиғи парк, республикалық маңызы бар табиғат ескерткіштері, 60 қорықша бар. Қорғалатын территорияның ең таралған формасы – қорық. Республикалық маңызы бар осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлығы негізінен мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын – 84 %, ал 10% – бұл өз қаражаты болып табылады, ал 6% – халықаралық ұйымдардың гранттары есебінен (2-кесте).

1-кесте – ЭАРО АО-ның 2015 жылғы ұсынылған қызметтерінің қорытындысы (ИРЦЭ, 2015б: 19)

№	Кезең	Қазақстанға келген шет елдік туристердің саны	ЭАРО келген туристер саны	Кеңсеге келген шет елдік туристердің саны	ЭАРО сайтына кірген туристер саны
1	2013 жыл	6 841 100	871	300	52 500
2	2014 жыл	6 332 700	1584	712	176 833
3	2015 жыл	2 992 500	1730	860	277 844
4	%	2014 жылмен салыстырғанда 52,79 %-ға кеміген	2014 жылмен салыстырғанда 9, 21 %-ға көбейген	2014 жылмен салыстырғанда 20,78 %-ға көбейген	2014 жылмен салыстырғанда 57,12 %-ға көбейген

2-кесте – Қазақстан Республикасындағы 2011-2015 жылдардағы ЕҚТА туралы деректер (Стат. жинақ: 2016б, 47)

№	Атауы	2011	2012	2013	2014	2015
1	Табиғат-қорғау мекемелерінің саны, бірлік	112	113	114	114	115
2	Жалпы алаңы, га	23 106 968	23 717 386	23 670 408	23 669 383	23 688 284,9
3	Келушілер үшін Экскурсия ұйымдастыру қызметімен айналысатын қызметкерлер саны, адам	46	46	46	46	46
4	Өткізілген экскурсиялар саны, бірлік	3 416	3 162	4 013	4 936	4 427
5	Келушілер саны, адам (өз балансында ерекше қорғалатын табиғи аумақтары бар кәсіпорындар бойынша деректер)	769 927	811 150	840 846	1 046 383	1 070 360

Соңғы 5 жыл ішінде Қазақстандағы экотуризм мемлекеттік бюджетті 1 млрд. теңгеге арттырды. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің мәліметтері бойынша, соңғы 5 жылда ЕҚТА 4,5 млн. адам келген. Ал 2011 жылы – 769,9 мың адам, 2012 жылы – 811,1 мың адам, 2013 жылы – 840,8 мың адам, 2014 жылы – 1,0 миллион адам, ал 2015 жылы 1,0 миллионнан астам адамдар келген. Ал 2016 жылдың 7 айында – 741 822 мыңнан астам адам келген.

ЕҚТА дамытуда республикалық бюджеттен ақшалай қаржыландыру 2015 6,8 млрд. теңге көлемінде ал ағымдағы жылы 8,1 млрд. теңгені құраған. Соңғы 5 жылда ЕҚТА арнайы есебінен экологиялық туризм және рекреациялық қызмет көрсетуден 1 млрд теңге түскенін хабардар етті. Ал 2015 жылы ЕҚТА пайдаланғаны үшін республикалық бюджет 245,3 млн. теңге түсті, ал қалған қаражат ұлттық парктер мен қорықтардың дамытуға жұмсалғанын ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ресми интернет-ресурсында хабарланған.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтері бойынша ЕҚТА

келушілер санының артуы ЕҚТА көріктендіру жұмыстарының, оның ішінде келуші-орталықтар, қонақтар түнейтін орындар және ЕҚТА туристік инфрақұрылымдардың дамуымен байланысты болып отыр. Қазіргі уақытта республикамызда 5 келушілер-орталығы: Ақсу-Жабағылы МТҚ, Қорғалжын МТҚ, «Бурабай» МҰТП, Наурызым МТҚ және Іле-Алатау МҰТП.

Соңғы 5 жылда ұлттық парктер аумағында: 160 туристік бағдарлар мен 66 экскурсиялық соқпақ, 62 тамашалау алаңы, 164 дамылдау алаңқайы мен шатырлы лагерьмен, 91 көлікке арналған тұрақпен, 192 туристік кемпингпен, қонақ үйлер, мотельдер, турбазалар, 123 тамақтандыру нысанымен, 1 151 аншлаг, белгілер, ақпараттық тақталар орнатылған. Сонымен қатар, ЕҚТА орман қорғауды ұйымдастыру және туристер ағымын реттеу үшін арнайы 156 бақылау-рұқсатнама бекеттері жұмыс істейді (ҚР ҚОҚМ ресми сайты).

Шет елдік туристер неге Қазақстанға келмейді? 2015 жыл шет елдерде демалатын қазақстандықтардың саны 60-70 пайызға қысқарды.

Ресми статистикаға сәйкес, 2014 жылы 6,3 млн шетелдіктер Қазақстанға келген, алайда, басым көпшілігі – ТМД елдерінің және тек 677 мың адам азаматтары шетелден келген. Қонақтардың көпшілік бөлігі Қазақстанға (4,4 млн.) жеке сапармен, қызметтік қажеттіліктері бойынша шет елдіктер (1,1 млн.), ал 657 мың адам мемлекетімізден транзит арқылы өткен және тек 56 мың адам ресми түрде Қазақстанға турист ретінде келген (Стат. жинақ: 2015б, 9). Бұл қарапайым сандар Travel and Tourism Competitiveness Index әлемдік рейтинг деректерінде де байқалады, осыған сәкес, 2014 жылы Қазақстан саяхат пен туризм саласының тартымдылығы бойынша 50 орын алды, ал 2015 жылы 141 мемлекеттің тізімінде 85 орынға дейін түсіп кетті.

Американдық The New York Times газеті 2017 жылы барып қайтуға ұсынатын әлемдегі 52 орынды анықтады. Бұл тізімге Қазақстан 26 орынды иеленген. Басылымда Қазақстан астанасында EXPO-2017 халықаралық көрмесінің өтетіні баяндалған. Көрме тақырыбы «Болашақ энергиясы». Мақалада сондай-ақ, соңғы жылдары ашылған Астанадағы жоғары деңгейдегі қонақ үйлердің көптігі айтылған. Әсіресе, оқырмандар назарына ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра объектілерін тізіліміне 2016 жылы енгізілген Тянь-Шань тауларына ерекше тоқталған. 52 орындық рейтингте бірінші орында – Канада, екінші орында – Чили және үшінші орында – Үндістан алады. Тізімнің соңында Жапония. Қазақстан – бұрынғы Кеңес Одағынан тізімге енгізілген жалғыз ел (nytimes.com).

Қорытынды

Қазақстан Республикасында туризм аумағында заң шығару және оны Еурокеңес құқығына сәйкес келтіру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Туристік бизнес бұл – шаруашылық субъектілерінде туристерге әртүрлі қызметтер ұсыну нәтижесінде қаражат немесе басқа да

табыс әкелетін туристік қызметтің қандай да бір түрі.

БҰ ДТҰ сарапшыларының пікірінше, Қазақстанның әлеуеті бай және туристік имиджі қалыптасқан елдердің арасында лайықты орын алуға толық мүмкіндігі бар. Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша ХХІ ғасырда туристік индустрияның өсуі артады және 2020 жылы әлемдегі туристік саяхаттар 1,6 миллион бірлік құрайды [UNWTO, 2016].

Қазақстан Республикасындағы туристік бизнесті дамыту үшін барлық мүмкіншіліктер жасалынған. Мемлекет тарапынан ұлттық ұйымдарға және үкіметтік, сондай-ақ жергілікті туристік орталықтарға көптеп назар аударылуда.

Экологиялық туризм қазіргі уақытта ел экономикасының тұрақты дамуына әсер ететін Қазақстанның басым салаларының бірі болып табылады. Қазақстандағы туристік нарықты талдау барысында Қазақстан Туристік Қауымдастығы жүргізген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан кең көлемдегі ұлттық парктер мен қорықтарға, сондай-ақ аса бай мәдени мұрасымен және адам аяғы сирек басылған табиғи әлеуетке ие. Германияда, Ұлыбританияда, Францияда, Оңтүстік Кореяда және Жапониядағы зерттеу және шет елдік азаматар арасындағы сауалнама (10 000 сауалнама) барысында Қазақстандағы экологиялық туризмге деген жоғары қызығушылығының бар екенін көрсетті. Біздің еліміздің 2020 жылға дейін атақты туристік бағытқа айналуына үлкен қаражатты қажет етеді (Шайкенова: 2009).

2017 жылы экотуризмді дамыту үшін көрікті орындар мен объектілердің 3D турларының ережесін әзірлеуді қолға алу жоспарға енгізіліп отыр.

Қазақстанда туризді, әсіресе экологиялық туризмді дамыта отырып, біз әлемді нарыққа жол ашамыз. Сондықтан туризм саласына көптеген іс-шаралар, мемлекет жағына қаржылай көмек, сондай-ақ әлемдік көрмелерге, туризмге қатысты әлемдік деңгейдегі шараларға қатысып туризм саласын дамытуға атсалысуымыз керек.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан туризмі 2011-2015. Статистикалық жинақ. Астана, 2016. – 83 б.
- 2 Қазақстан туризмі 2010-2014. Статистикалық жинақ. Астана, 2015. — 82 б.
- 3 Бабкина А. В. Специальные виды туризма: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 252 с.
- 4 Косолапов А.Б. Теория и практика экологического туризма: учебное пособие. – М.: КНОРУС, 2005. – 240 с.
- 5 Официальный сайт Министерства охраны окружающей среды Республики Казахстан.
- 6 <https://www.nytimes.com/interactive/2017/travel/>
- 7 Тонкобаева Ә. жалпы редакциясымен. Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту жөніндегі жетекшілік. Алматы, 2009. – 69 б.

- 8 Тенденции развития туристского рынка в РК отчет ИРЦЭ. 2015 г.
- 9 Шайкенова Р.Р., Мамутова К.Р. Современное состояние экологического туризма в Казахстане // Сборник статей Всероссийской научно-практической конференции «Экологический и этнографический туризм: становление, проблемы и перспективы развития». – Хабаровск, 2009.
- 10 Bhuiyan, A.H., Siwar ,C., Ismail , S.M., Islam, R., The Role of Ecotourism for. 2012.
- 11 Honey M. Ecotourism and Sustainable Development: Who Owns Paradise (Second ed.). Washington, DC: Island Press. 2008.
- 12 Natali D. Ecotourism in Protected Areas. Metsovion Interdisciplinary Research Centre (MIRC). National Technical University of Athens, Greece. Ecotourism Paper Series, Nr. 38, 2016.
- 13 Newsome, D., Moore S.A., Dowling, R.K. Natural Area Tourism: Ecology, Impacts and Management. UK: Channel View publications. 2002.
- 14 Sadry B.N. « Fundamentals of Geotourism: with a special emphasis on Iran», Samt Organization publishers, Tehran. 2009. 220 p.
- 15 Randall, A. Resource economics, Second Edition. New York, USA: John Wiley and Sons. 1987.
- 16 TIES Overview. Retrieved. From The International Ecotourism August 18. 2013.
- 17 UNWTO Tourism Highlights Edition. 2016.
- 18 Weaver, D.B. Ecotourism, John Wiley & Sons: Milton. 2001.
- 19 Wood, M. Ecotourism: Principles, Practices, and Policies for Sustainability. United Nations Environmental Program, Division of Technology, Industry, and Economics. UNEP. 2012.
- 20 World Wide Fund for Nature.
- 21 WWW.ecotourism.org. The International ecotourism Society.
- 22 WTO Tourism 2020 Vision, 2004.

References

- 1 Kazakstan turizmi 2011-2015 (2016) Statistikalыk zhinak [Tourism of Kazakhstan]. Astana, 83 p.
- 2 Kazakstan turizmi 2010-2014 (2015) Statistikalыk zhinak [Tourism of Kazakhstan]. Astana, 82 p.
- 3 Babkina A. V. (2008) Special'nye vidy turizma: [Special types of tourism]. Uchebnoe posobie-Rostov-na-Donu, 252 p.
- 4 Kosolapov A.B. (2005) Teoria i praktika ekologicheskogo turizma [Theory and practice of ecological tourism]. Uchebnoe posobie- M.: KNORUS, 240 p.
- 5 Oficial'nyi sait Ministerstva ohrany okruzhajushhej sredey Respubliki Kazahstan [Official website of the Ministry of environmental protection of the Republic of Kazakhstan].
- 6 <https://www.nytimes.com/interactive/2017/travel/>
- 7 Tonkobaeva A. zhalpy redaksiysymen (2009) Kazakstanda ecologyilyk turizmdi damity zhonindegi zhetekchilik [The guide to development of ecological tourism in Kazakhstan]. Almaty, 69 p.
- 8 Otchet IRCE (2015) Tendencii razvitija turistskogo rynka [Tendencies of development of the tourist market in RK]
- 9 Shajkenova, K.R. Mamutova (2009) Sovremennoe sostojanie jekologicheskogo turizma v Kazahstane [The modern state of ecological tourism in Kazakhstan]. Sbornik statey Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy konferencii Ekologicheskii i etnograficheskii turizm: stanovlenie, problemy i perspektivy razvitia Habarovsk.
- 10 Bhuiyan, A.H., Siwar ,C., Ismail , S.M., Islam, R. (2012) The Role of Ecotourism for [The Role of Ecotourism for]
- 11 Honey M. (2008) Ecotourism and Sustainable Development: Who Owns Paradise [Ecotourism and Sustainable Development: Who Owns Paradise]. Washington, DC: Island Press.
- 12 Natali D. (2016) Ecotourism in Protected Areas. Metsovion Interdisciplinary Research Centre (MIRC) [Ecotourism in Protected Areas. Metsovion Interdisciplinary Research Centre (MIRC)]. National Technical University of Athens, Greece. Ecotourism Paper Series, Nr. 38.
- 13 Newsome, D., Moore S.A., Dowling, R.K. (2002) Natural Area Tourism: Ecology, Impacts and Management [Natural Area Tourism: Ecology, Impacts and Management]. UK: Channel View publications.
- 14 Sadry B.N. (2009) Fundamentals of Geotourism: with a special emphasis on Iran [Fundamentals of Geotourism: with a special emphasis on Iran]. Samt Organization publishers, Tehran, 220 p.
- 15 Randall A. (1987) Resource economics [Resource economics]. Second Edition New York, USA: John Wiley and Sons.
- 16 TIES Overview Retrieved (2013) From The International Ecotourism [From The International Ecotourism]. August 18.
- 17 UNWTO (2016) Tourism Highlights Edition [Tourism Highlights Edition].
- 18 Weaver, D.B. (2001) Ecotourism, John Wiley & Sons [Ecotourism, John Wiley & Sons]. Milton.
- 19 Wood, M. (2012) Ecotourism: Principles, Practices, and Policies for Sustainability [Ecotourism: Principles, Practices, and Policies for Sustainability]. United Nations Environmental Program, Division of Technology, Industry, and Economics. UNEP.
- 20 World Wide Fund for Nature [World Wide Fund for Nature].
- 21 WWW.ecotourism.org. The International ecotourism Society [The International ecotourism Society].
- 22 WTO (2004) Tourism 2020 Vision [Tourism 2020 Vision].